

ҚАЗАҚ ТІЛІ

A1

ҚАРАПАЙЫМ ДЕҢГЕЙ

НОТАРИАТ САЛАСЫНДА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ОҚУ ҚҰРАЛЫ



ҚАРАҒАНДЫ, 2023

LIVEWORKSHEETS

 1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

бос орын – свободное место

ашылады – открывается

жабылады – закрывается

Нешеде келесіз? – Во сколько вы приедите?

Нешеде ашылады? – Во сколько открывается?

Сағат 9-да келіңіз. – Приходите в 9 утра.

Сағат нешеде келесіз? – Во сколько вы приедете?

Сағат нешеде кездесеміз? – Во сколько мы встречаемся?

Құжат сағат нешеде дайын болады? – Во сколько будет готов документ?

Нешеге дейін жұмыс істейсіздер? – До скольки вы работаете?

Сағат нешеде келуге болады? – Во сколько можно приехать?

Келер шақ
Етістік+(-а, -е, -й) +
жіктік жалғауы
Мысалы:
 Мен бар + а + мын.
 Мен кел + е + мін.
 Мен төле + й + мін.

**2. Тыңдаңыз, бос орынды толықтырыңыз.**

Сіз ертең нешеде _____ ?

Сен ертең нешеде _____ ?

Ертең сағат тура 10-да _____ .

Ертең жұмысқа 9-да _____ ?

Кеше 9-да жұмыста _____ .

Ертең жұмыста нешеде _____ ?

Сағат 10-да жұмыста _____ .

3. Есте сақтаңыз.

САН ЕСІМ +

- ке	} дейін
- ге	
- ға	

Бір + ге дейін келемін.
 Үш + ке дейін күтемін.
 Алты + ға дейін жұмыс істейміз.

САН ЕСІМ +

- ден	} дейін
- тен	
- дан	
- нан	

Бір + ден кейін келемін.
 Үш + тен кейін күтемін.
 Алты + дан кейін қайтамын.



4. Үлгінің көмегімен қажетті жалғауларды жазыңыз.

-ға

-қа

-тен

-дан

-ке

-ге

-нан

-ден

12-_____дейін куәландырыңыз.

3-_____дейін толтырыңыз.

5-_____дейін хабарласыңыз.

6-_____дейін тапсырыңыз.

7-_____дейін төлеңіз.

12-_____кейін келіңіз.

10-_____кейін барыңыз.

5-_____кейін алып кетіңіз.

6-_____кейін жазылыңыз.

7-_____кейін келіңіз.



5. Оқыңыз.

а)

- Сәлеметсіз бе! Жеке нотариус па?
- Қайырлы күн! Сізді тыңдап тұрмын.
- Сіздер нешеге дейін жұмыс істейсіздер?
- 6-ға дейін.
- Сағат 5-те келсем бола ма?
- 5-те бос орын жоқ. Ертең сағат 12-ге дейін келіңіз.

ә)

- Қайырлы таң!
- Сәлеметсіз бе! Сізге қандай көмегім керек?
- Сенімхат алайын деп едім.
- Отырыңыз. Жеке куәлігіңіз бар ма?
- Міне. Нешеде дайын болады?
- Құжатыңыз сағат 3-тен кейін дайын болады.
- Екінші жолға қолыңызды қойыңыз. Аты-жөніңізді толық жазыңыз.
- Сағат 4-ке дейін келемін. Рақмет.